

Диссертациялық кеңестің 2024 жылғы жұмысы туралы есеп

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ
8D01401 «Музыкалық білім /**

**8D01402 «Музыкалық орындаушылық және педагогика» білім беру бағдарламасы,
D006 «Музыка мұғалімдерін даярлау» бағытының бейіні бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі
ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Диссертациялық кеңестің төрайымы – педагогика ғылымдарының кандидаты, Философия докторы (PhD), ҚР ЖАК доценті, Халықаралық педагогикалық білім беру ғылым академиясының академигі, Білім беру ісінің үздігі, Қазақ ұлттық өнер университеті РММ «Музыкалық орындаушылық және педагогика» кафедрасының профессоры.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығына сәйкес өзгерістер енгізуіне байланысты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 29 сәуірде № 6929 тіркелді «Үлгі нормативтік құқықтық актілер диссертациялық кеңес туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 294 бұйрығымен Диссертациялық кеңестің құрамына өзгерістер енгізілді.

«5. Диссертациялық кеңестің құрамы 7 (жеті) адамнан аспауы тиіс. Диссертациялық кеңестің барлық мүшелерінің ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар.

Диссертациялық кеңестің кемінде 3 (үш) мүшесі басқа ЖЖОКБҰ-лардың, ғылыми және (немесе) басқа да ұйымдардың өкілдері болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 4 (төрт) мүшесі, оның ішінде төраға, төраға орынбасары және ғалым хатшы тұрақты мүшелері болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 3 (үш) мүшесі докторанттың қорғау кезеңіне және докторлық зерттеу саласына байланысты уақытша тағайындалады» (Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы, 5 п.).

Қазақ ұлттық өнер университетінің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде (30.09.2024 ж. № 2 хаттама), 15.10.2024 ж. № 216-Ө бұйрығымен Диссертациялық кеңес жаңа құрамда бекітілді:

1. Хусаинова Гульзада Ануаровна – ДК төрайымы педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық өнер университеті РММ «Музыкалық орындаушылық және педагогика» кафедрасының профессоры.
2. Сметова Алмагуль Амантаевна – ДК төрайымының орынбасары, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық өнер университеті РММ «Музыкалық орындаушылық және педагогика» кафедрасының профессоры.
3. Тапенев Даулет Турсунханович – ДК ғылыми хатшысы, философия докторы (PhD), Қазақ ұлттық өнер университеті РММ «Домбыра» кафедрасының аға оқытушысы.
4. Аргингазинова Гульнара Болатовна - ДК мүшесі, философия докторы (PhD), Қазақ ұлттық өнер университеті РММ «Дирижерлеу» кафедрасының аға оқытушысы.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ережелері мен бұйрықтарына енгізілген өзгерістерге байланысты Қазақ ұлттық өнер университетінің Диссертациялық кеңесі туралы ережесіне түзетулер енгізілді.

Өткізілген отырыстар саны туралы деректер

2024 жылы 1 (бір) отырыс өткізілді. Отырыста диссертациялық кеңес құрамының өзгеруі, диссертация қорғау және ғылыми дәрежелер беру туралы ережеге өзгерістер енгізілуі және Диссертациялық кеңес туралы жаңа ережені зерделеу мәселелері қарастырылды.

Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері отырыстарға толық қатысты.


Есепті жыл ішінде қорғауға қабылданған докторанттар тізімі

2024 жылы қорғауға қабылданған докторанттар болған жоқ.

Философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:


Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	Пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)
0	0	0	0	0	0

Диссертациялық кеңестің төрайымы



Г.А. Хусаинова

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы



Д.Т. Тапенев

2025 жылғы «09» қаңтар

